МРНТИ:15.81.53 https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.01

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 175 ЖЫЛ

Гректің психология атасы Аристотель болса,
Қазақтың психологиясының атасы Абай

К.А. Оразбекова

психология және педагогика
ғылымдарының докторы, профессор, академик

ТОЛЫҚ ЖЕТІЛГЕН АДАМ АБАЙ ҮЛГІСІ

Адам тақырыбы Абайдың барлық шығармаларында бар. Оның жарық дүниеге келіп, адамгершілік, танымдылық көзқарастары қалыптасып, өлгенге дейінгі аралықтағы сан соқпақты жолдары, тіршілігі, бәрі-бәрі Абай шығармаларына арқау болған. Адам баласы жылап туады, кейінгі өледі. Екі ортада бұл дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Қазақта адам туралы ерте заманнан бері айтылып келе жатқан аңыз да, ақиқат та көп. Мың сан ғұлама хакімдер, нәбилер адам болмысы хақықта сан алуан ой түйгені хақ. Абайдың ойынша, әлемде адамнан өзге құпия жоқ. Алла да, табиғат та адам арқылы ғана түсіндірілмек. Адам құпиясын ақтармақ болып нәбилер, пайғамбарлар, жердегі құдайлар неше түрлі діндер ойлап тапты. Адамды дін арқылы, яғни оны өзге тыс құдірет арқылы түсіндіруге жасалған талпыныс адамзат санасында өз жемісін берді. Сөйтіп атақты-атақты діни жүйелер қалыптасты. Олар жаратушы, оның құпиясын сақтаушы бар деген қорытындыға тірелді. Сонымен адамның құпиясы өзінен тыс абстракцияға айналып, оны адамның өзі зерттей бастады. Міне осы тұста ақиқат иесі де, нақты өзі де - Алла деп

білді. Пайғамбар – сол ақиқатты, Алла сөзін жеткізуші, олай болса әр пайғамбарға заманына орай Алла тағы адамдарға қажетті ғана ақиқатты жеткізуді тапсырып отырған. Адамдарға бар ақиқаттың қажеті жоқ, олар онымен не істерін білмей шатасады. Адамдарға адасып тұрған сәтінде сол күйден алып шығатын ғана «қажетті шындық керек». Осы істі атқарушы пайғамбарды «хақ» деп мойындау - міндет деп түсіндірді Абай.

Алла - ақиқат, мінсіз, пайғамбар – хақ, ол адамдарға «қажетті шындықты жеткізуші. Адам – осы жайлардың ұғушы, қабылдаушы, соған қарай сенімге енуші жер иесі, өмір иесі. Себебі Алла да, пайғамбар да Адам үшін қажет. Жер бетінде Адам болса ғана «Алла – мінсіз, пайғамбар - хақ». Әділеттік жол – Алланы, адамзатты сүю, онын діниіне, тіліне, тегіне, түр-түсіне қарамай сүю. Адамдарға өмір иесі Алланы, оның мінсіз екендігін тану парыз. Алланың сөзін - Құранды ғылымың жетсе ұқ, егер шамаң жетпесе, ғылыммен айналыс, адамға қатысты іспен айналыс. Осы тұста адам мінсіз болып тұра алмайды, өйткені онда қызығушылық, құмарлық, жалқаулық, айуандық мінездер бар. Яғни, оларды да адамға Алла берген.

Алла өзі мінсіз болғанымен, адам - мінді. Бұл да қажеттіліктен туған. Адамның мінді болғаны жөн, сонда өмір болмақ, өмірге қызығушылық, құмарлық болмақ, жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен әділеттік, адамгершілік пен айуандық сияқты ұғымдар тайталасқанда оған ақылың, санаң, сезімің жетпесе мінді боласың. Мұндай талапты Алла тек адамға ғана қойған, осы тылсымды сезінсең, әділетін аңғарсаң - адамның қасиетін сақтайтын сол күш.

Абай адамнын жан дүниесінің үнемі өзгеріс, дамуда болатындығын дұрыс көрсетеді, сондай-ақ өзінің «Адам бол!» дейтін негізгі принципінде азаматтықты ұждандық тұрғыдан ылғи да жетілу, толысу процесі ауқымында ұғынады. Адамнын адамшылық жағын көре білу және дамыту, ақылды, білімді адамды жоғары бағалау, өмірінін аяғына дейін адам болып, дұрыс қартаю, өз халқына қажымай-талмай қызмет ету, бүкіл адамзатты, адамды сүю және құрметтеу - бүгінгі тандағы басты мәселе. Бұл ұғыш адамның мінсіз болуына ынталануы үшін керек. Осы жайды ақын қаггы ескертеді. Демек адамның мінді болуы - Алла жолынан тайып, күнәлі болды деген сөз. «Мін» мсн «күнә» деген ұғымдарды осы мәнде Абай синоним ретінде қолданған. Бірақ Алла адамға өзі ерік берген соң, ол пенделікке бармай тұра алмайды. Пенде дегеніміз – бойында міні, күнәсі бар ацам. Өмірде пенделікке бармаған, мойнына күнә артпаған адам сірә да бола қоймас. Адамның дүниенің өрт қызығынан безініп, әулиелік жолға түсуінің өзі – күнәсінен тазару үшін жасалған амал-әрекет. Әулиеліктің өзі – біржақты ұғым. Неге десеңіз, тек жаратқанға сыйынып, дүние қызыгын тәркі етіп, мүлдем соған түсу бүтіндей ақиқат жолы емес. Адам үшін ең басты ақиқат – өзіне лайықты өмір сүру. Айталық, жер жыртып, егін егіп т.б.

Адам – жер бетіндегі нығмет жаратылған жан иесі, оның өмірі шексіз. Адам табиғаттын бір бөлігі. Адам өзі әлем құпиясы, оның өзі – шебердің қолынан шыққан рухани зат. Нағыз шебер Алла болса, адам – осы шеберліктін сапалық өлшемін көрсете білетін қасиеггі тұлға.

Абай үшін адам мәселесі– негізгі психологиялық мәселе болып табылады. Сондықтан Абай дүниетанымының негізінде адам мөселесі тұрды. Қазақ ағартушылығынын көшбасшысы ретінде ол «Адам бол!» деген сөзді ту етіп көтереді.

Абайдың адам болу туралы ойларының желісі өлеңдерінен басталғанымен, оның негізі қарасөздерінде толығырақ баяндалатынын жете ескере бермейміз. Абай шығармаларында жиі ұшырасатын «адам болу», «жарым адам», «толық адам», «адамшылық», «адамдық», «адамның адамдығы» деген ұғымдардын бәрі де тәлім-тәрбиеге қатысты.

«Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның өзінін замандастарының бәрі кінәлі» екенін айта отырып, сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлін түсіндіреді, адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдейді.

Заманды түзету оның адамын, жастарды қайта тәрбиелеу деп біліп, адам болудың жолын көрсетті. Абай үлгі еткен адам болудың жолы – қай заманда, қай қоғамда болсын өзінін мән-мағынасын, маңызын жоймайтын адамзаттың бәріне бірдей өнеге **болар қағида (қараңыз, 351 б.)**

Жалпы адам үлгісі



Байдың шығармашылығында адам мәселесі психологиялық, эстетикалық, танымдық және әзілсықақ, кеітес беру түрінде жазылған «қара сөздер» арқылы орын алады. Мұнда Абай психолог ретінде адамтануды, оның рухани толысуын, адамдық қасиеттер жүйесін, әлеумсттік этика мен қоғамды көркейтудің жолдарын көрсетеді. Әрине, өз тілін білмейтін, Абайды оқымаған, кенес психологтарының үлгісімен дәріс алып, соның аудармасымен әлі жастарды орыстандырып жатқан кейбір ғалымдар Абайда психологиялық терминдер жоқ дейді. Бірақ Абай терминдерге бой ұрмай-ақ әр алуан әлеуметтік топтағы адамдарға жетілуді түсінікті түрде ұғындырып, қоғамдық сананың дертін айқын да бейнелі түрде жеткізді. Мысалы, Абай өлеңдерінен жекелеп алынып бейнеленген кейіпкерлермен қатар, аты аталып түсі түстелмесе де, мінезі, әрекеті, ниеті айқын сипатталып, жинақтап бейнеленген сан алуан кейіпкерлер – әртүрлі топтың өкілдері, әр қилы мінезді адамдар үнемі бой көрсетіп отырады. Оларды ақын бай, би, болыс, кедей, жалшы, жарлы, саудагер деген сияқты, топтап айтса, бірталай өлеңдерінде білімді, талапты («Білімдіден шыққан сөз – талаптыға болсын кез»), ақылды («Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек»), оқыған («Оқыған білер әр сөзді»), өнерпаз (Өнерпаз болсаң, арқалан»), ер («Ер кісі ақылға ермек, байды жеңбек»), немесе, надан («Наданға арам ақылды қуанбай жүр»), білімсіз («Өмірдің өрін тауысып, білімсізбен алысып»), ақылсыз («Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек»), өнерсіз («Өнерсіздің қышығы өле көрмек»), ез («Асаған, ұрттағанға ез қуанар»), пысық («Пысық кім деп сұрасаң - қалаға шапса дем алмай, Өтірік арыз көп берсе...») деген сияқты ғып атап, топтап шебер суреттейді.

Нағыз психолог Абай адамтану мәселелерін үш идея негізінде: «адам бол», «адамгершілікке жол тап», «адамдық абыройды сақта» деген бағытта да өрбітті, «үштік өлшем» тұрғысынан – сөз шеберлігі, ой өтімділігі, жүрек тәрбиесі арқылы мазмұндап, монерледі. Абай өлшемі адамның рухани тұтастығы мен сенімін, халықтың бірлестігі мен серіктестігін қолдады. Осы мүддеге сәйкес адамның «үш өлшемін» ынталандыруға ықылас қойды, бір жағы, адамиың адамгершілігін оятудың, әлдендірудің, олеуметтендірудің бағдары қатар қойылды.

Абай адамды әр салада өз мүмкіндігін жүзегс асыра алатын сан қырлы, алуан сырлы тұлға деп білді. Оның ойынша, адам өзін табиғатты, дүниені және өзін-өзі жаңғыртып түлетуге, жасампаздық іске арнауы тиіс. Абай адам болмысының этикалық қырларына ерекше назар аударды, онын бүкіл шығармашылығының өн бойы имандылыққа, адам туралы терен психологиялық ой-толғамдарға толы. Ал онын басты мақсаты - адам болу үшін неге жақын, неден қашық жүру керек екендігін, жақсылық пен жамаңдықтың ақиқатгық болмысын (психолопиа – *К.О.)* ашьш беру.

Абай адам мен дүние ұқсастығынан түтастық пен тұрақтылық негізін іздестіреді. Негіз тыныштық пен келісімде, адам қасиеттерінің құндылығында. Тыныштық қуаты – жүректе, келісім қуаты – қайратты, ерікті, иманды кісіде. Адамның кісілігі – әсерлі, әдепті, табысты өнерінде, ал қиянаты – надандық әуресінде, өмірді жатырқауда, жікшілдікте, өзара жауластырып қоюда жатыр дейді ол.

Адам бола білу - ең биік қасиет, маңызды құндылық, ең қадірлі кәсіп. Сондықтан ақын рух бостандығын, бірігу идеясын, азаттық тәжірибесін қолдан шығармау; даналық өнегесі, яғни ақыл, өнер, бедел арқылы бардың берекесш сақтау, елін жарастыру, жарылқауды адам зердесіне жеткізуді ойлады.

Абай ұғымынша, адамтануды өрбітетін игіліктер: сезім, сана, ой; адамдықты көрсететін қасиеттер мен құндылықтар: жан, тән, рух; мінез, әрекет, тәжірибе; білім, өнер, кәсіптік икемділік. Құндылықтың осы төрт тобы салыстырмалы түрде адамды өз-өзімен табыстырады, өзін өзгемен жарастырады, қала берсе, халык игілігіне сай келтіреді.

Абай «Дүниеде өмір сүрген адамдар үш сортан тұрады дейді. Олар Олимпиада ойындарына келушілерге ұқсайды. Біреулері күреске, жарысқа түсуге келеді, енді біреулері бірдеме сату үшін, не алу үшін келеді. Солардың бәрінен де жақсырағы – көріп байқауға келгендері. Өмірде де солай ғой: біреулер әбігерлік арқасында, атақ-даңқтың немесе байлықтың құлы болып шықса, ал даналар пайымдылықпен шындыққа бой ұсынады, өйткені, олар – ойшылдар» дейді. Ол адам бейнесін, оның көңіл-күйін табиғат құбылыстарымен байланыстырады, нақтылы бір адамды суреттеп, оған мінездеме береді немесе жеке адамды сөйлету арқылы оның әрқилы мінезін көрсетіп, терең талдайды, әртүрлі адамдардын қарым-қатынасын саралайды. Ең ғажабы, Абайдың қырық құбылып жүретін адамдардың мінезін, іс-әрекетін көрсетуі – асқан шеберлік және ол ешбір зерттеулерде кездеспейтін нәрсе. Бұл өркениетті елдердің ойшылдарын бүгін таң қалдыруда.

Жалпы Абайдың психологиялык көзқарасы зерттелген ғылыми еңбектерде ұлы атамыз қазақ азаматын қай тұрғыда көргісі келді екен деген мәселе назардан тыс қалып келеді. Сондықтан осыған назар аударды.

Яғни, «Абайдың аңсағаны қандай азамат?» Менің ойымша, ұлы ақыннын ең алдымен көксегені, көрсем дегені – ойлы азамат. Ойында көзі, бойында қайраты бар азамат. Абайдың аңсағаны толық жетілген адам.

Абай үшін адамның адам атына сай болуы негізгі мәселе болып табылады. Оның айтуынша: «Толық жетілген адам – арлы, адамгершілік қасиеті жоғары, еңбекқор, білімді, сабырлы, иманды, қанағат пен ар-ұятты білетін, танымды, игі жүректі болуға тиіс».

«Адамның көңілін неге қаранғылық басады. Одан құтылудың жолы қандай?» Бұған Абайдың жауабы даяр. Адамға жақсылық жасау адамшылықтың негізі. Абай осы идеядан ешқашан тыс кетпеген. Тек сонда ғана адамның көңіліне сәуле гүседі, қараңғылық сейіледі. Ал адамды тану, Аллаиы танып мойындау, оған ғибрат ету саналылықтын белгісі. Ол алғырлықты, зеректікті қажет етеді. Алғыр, зерек, парасатты, білтмді, ойшыл адамның көңілін ешқашан қараңғылық пердесі баса алмайды.

Абай ойсыз адам надан, ойлы адам надан емес деген қорытындыға келгенмен, ақын өлеңдерін мүқият оқыған адам, оның кесіп-пішіп пікір айтпайтынына көзі жетеді. Қандай мәселені болмасын Абай барынша айқындап, айшықты етіп бейнелегенмен, оның түпкі айтпақ ойы психолог сияқты теренде. Ол ой Абайдың мақсаты, адамның надандылытын айтып қою емес, одан, яғни надандықтан құтылудың жолдарын көрсетуде. Абай қайткенде де надандықтан құтылудың жолын нақтылы айтып берген. Олар адамның білімге, өнерге ынталанып әрекет етуінде. Ол үшін: әрине ой, сана, сезім байлығы ксрек.

Үшіншіден, Абай надандық білімсіздік белгісі деген пікір айтады. Бұл бізді білімсіздік дегеннің өзі не деген сауалға жауап іздеуге шақыратын пікір. Білімсіздік дегеннің өзін екі мәнде айтып отыр: оқығапдар және де оқыса да көңіліне тоқымағандар.

Абайдың еңбегіндегі адам мәселесі зерттеу барысында әлеуметтік психологияға айналды. Мысалы: Абайдың шығармаларында өзінің қара басына жақсылық жасаудан, мал жинаудан қолы тимеген саран адам сөз болады. Ол бүгінгі күннің мафиясы мен жемқорын жазды деп түсінуге болады.

Құдай да адамды дұрыс жолмен жүруге үндейді. «Көз көруі жетпейді қабағына» дегендей Абай ұғымында ақиқат пеп қара ниеттің араласқан әр адымында толық жетілген адам қатарына жету үшін білім, сонымен қатар жылы жүрек керек. Толық жетілген, ең ақылды адамда айрықша түрлі сапа болу керек, - дейді Абай. Оның біріншісі - не көрдің, не істеп білдің, соны тез ұғынып, онымен шектеліп қана қоймай, арты қайдан шығады, алды қайда апаратындығын байқап біліп отыру. Екіншісі – барлык естіп, көріп, білгендерін соған ұқсас басқа құбылыстармен салыстырылып, олардың ұқсастықтарын айқындап, ақыл-ойдың, коршаған дүниені үздіксіз тануға құмарлығы мен құштарлығын аңғару. Үшінші - жүрек сезімі. Абайдың ойынша, жүрегінді мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық сияқты пайдасыз нәрселермен кірлетпей сақтасаң, онда сырттан қабылдаған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық болып түсіп, бойыңа тарайды да, тез ұмытылмайды, есіңе берік сақталады дейді.

Сүйек пен сіңірге бүкіл сезінуің, жігерін, ақылың, ойын бәрі тәуелді. Ол ұшқыр қиялмен өмірдің жағымды жағын көре отырып, көлеңкелі жағымсыз жақтарын да, надандық пен зұлымдықты сынай, шеней отырып, Абай қазаққа өз тентегін өзі танып, оны түзетуге де жол көрсетігі үйретеді.

Оған бабамыздың «Ескендір» дастаны дәлел бола алады. Оқыңыз:

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары оған мекен.

Филипп патша баласы, ер көңілді,

Мақтан сүйігіш, қызғаншақ адам екен, – деп бастаған Абай Ескендірдің мансапқор, нысапсыз бейнесін көз алдыңызға әкеледі.

Ескендір елде алмаған хан қоймайды,

Алған сайын көңілі бір тоймайды, – деп оқиғаны әрі қарай дамыта түседі. Осы ойын іске асыру үшін талай жерді жаулаған және жаулай береді. Зұлқарнайын шөл далаға кездесіп, тандай жібітер бір тамшы су таба алмай әбден каталап өлуге таяу шағында кенеттен бір бұлаққа кездесіп шелін қандырып, өлімнен аман қалады. Шөлі қанып, жаны жай тапқан патша енді сол судың бастауын іздеп, оның баршасын өзіне бағындырмақ болады. Бұл әрекет Ескендір патшаның даңғой, зұлым екенін одан әрі айқындай түседі. Жауыздыққа жетілмейтін нәрсе күншілдік, тойымсыздық екеңдігін көрсете келіп, оған әділдік пен даналықты қарсы қояды. Қақпа мен адамның көз сүйегін әділдікке бастайтын жолдың символы ретінде алады да, ол жұмбақты данышпан Аристотельге шештіреді.

Бұл адам көз сүйегі, – деді ханға,
Тоя ма адам көзі мың-мып санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр, көзге құм құттылғанда.
Қазір көздің дүниеде арманы үлкені,
Атаған сайын дүниеге тола ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні,
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен, – дейді.

Мұндай адамның көзі, нәпсісі тек топыраққа ғана толады деп Абай соғысқұмар патшаның алдына көз сүйегін тартып, грек психологы Аристотельдін ұстамды сөзімен дастанын аяқтайды.

Ұлттық психологияның негізгі және басты мәселесі – Адам. Кеңес психологтарының оқулығындағы «Личность» деген тақырыпты біздің қазақ психологтарымыз өз аударма оқулықтарында «Жеке адам» деп берген. Ал Абай өз шығармаларында «Жарым адам», «Толық адам», «Адамдық» т.с.с. деп атайды. Кеңес оқулығының аудармасындағы «Личность» жеке адам дегеннен гөрі Абайша «Адамдық» деуге болар еді немесе «Личность» тағы Абайша – «Толық жетілген адам» деп алған дұрыс сияқты. Тіпті «Личность» дегенді «Кісілік» десе де болар еді. Өйткені «Жеке адамнан» гөрі Абайдың анықтамасы кең, аукымды, нақты аударылған сияқты. Әдебиетшілср мен ақын, жазушыларымыз осы ойдың дұрыс тоқетерін нағыз сөз шеберлері ретінде айтады деген сенімдемін. Өйткені қазақтың ұлттық психологиясына озық әдебиетіміз, дәстүріміз, мәдени асыл мұрамыз арқылы үңілсек. Адам атын биік дәрежеге көтеретін өзіндік ерекшелігін көреміз (қараңыз, 356-6.).


Толық жетілген адам
Достық
Жан
Табиғат
Сана
Сыйластық
Тән
Қоғам
Құмарлық
Сан қырлы, алуан түрлі
1-топ
Олимпиада ойындарына
келушілерге ұқсайды
2 - топ
Бірлеме сөзу үшін, немесе алу үшін
келгендерге ұқсайды
3 - топ
Дүниені көріп, байқауға, сөз жақсы
шығуға бой ұсынған ойыншылар
Жасырын жан қуаты бек көп
Рух бостандығы,
- бірлу мәдени,
адалық
тәжірибесі
Дәнаулық үлгі-
өнегесі
Ұлтық өнері
Жан, тән, рух
Мінез, ерекше,
тәжірибе
Ата-жекен
кіндік қанын
тамған жерін
сүю, сақтау,
қорғау,
мәрбесін
көтеріп,
жалғанын
жалсарту, ұлғі
ұстану
Білім, өнер,
кәсіптік,
шеберлік
Сана, сезім, ой
Ұстық қайрат
Жан байлығы
Нұрлы ақыл
Қалыр-
қасиетін, бейнеі
әрекеттің ойлу
бейнесін
сақтау
Пәрмет-
шарын
Тәбіғат
сыйын
түсіну
Көкірек
қозғаған
сезіне
білу
ақылдық
Ойлылы-
лық
Сезім-
тәлімік
Тәнділік
Ділмәнділік
Жүрек
1 ыстық
2 жебік
3 сорлы
4 ыстық
5 асу
6
7 шоқтығы
8 өртенген
9 қапалығын
10
11 сөнін қалды
12 ызалы
13 қаза
14 айнымас
15 үрпіген
16 сөнген
17 су
18 ит
19 ак
20 кантылған
21 лүпілдеген
22 тас
23 сұық
24 еэлігін
25 асу
26 қысылған
27
28
29 ашық
30 мұз

Абай қара сөзімен айтқанда, күллі адам бадасын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі - надандық, екінші – еріншектік, үшінші - залымдық деп білесің. Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік - күллі дүниедегі *өнердің* дүшланы. Талапсыздық, жігереіздік, үятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады. Залымдық– адам баласының дүшпаны. Адам баласына дүшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады.

Кез келген пенде өз ырысымен, несібссімен өмірге келетінін ескерсек, жасаған тірлігімен, жақсы-жаман ісімен тарихта қалагынын да білуі керек. Осы орайда Абай ғылымды әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл прогреске апаратын жол деп түсіндіреді. Ғылымның әлеуметтік орнын адамдардың жақсы қасиеттерімен байланыстыра қарайды.

Абай ғылымның әлеуметтік рөлін терең талдап қайрат, ақыл және жүрек үшеуін айтыстыра келеді де, ғылымға жүгіндіреді.

«Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», – деп ақылды терендетіп, шалқыта түсетін, адамнын жігерін, қайратын өсіріп, жөніне жүмсауға жол көрсететін, оны тасыта түсетін, жүректі де ізгілікке, адалдыққа, адамдыққа баулитын, адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосып, оны үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналдыратын осы ғылым деген қорытындыға келеді.

Ғылым жүректің әділеттілік артықшылығын қолдайды. Бұдан Абайдың топшышауынша, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, әділеттің орнауы адамдардың ұятына, рақымшылдығына, мейірбандығына, әділдігіне байланысты. Ғылымды бақталастық үшін емес, ақиқатгы білмек үшін үйрену керек екенін баса айтады. «Дүниенің тылсым тынысын, жан жүмбағын шешу үшін, ішкі күпия сырын оқыш-білу үшін ғылым керек. Ғылымды бойьгна сіңіріп, мейірімділік, ізгілік рухына бөленеді», – дейді Абай. Заманынан, заманының адамынан озған, ақылымен, парасатымен озған ақын өзі жеткен рухани биіктен мұндасарға, ойласарға сөз ұғарлық кісі таппай толғанады. Толғана отырып заман, адам туральг, жақсы мен жаман, адал мен арам туралы ойларын халықтың дәстүрлі мәдениеті өлшемдеріне негізделген білім, ақыл жайындағы адамгершілік нысана- тұрғысы биігінен баяндайды, адал мен арамның, жақсы мен жаманнын парқын ақыл ғана айыра алатындығын андатады. Абай бұл бағыттагы ой-толғаныстарын «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде, оның тамыр тартқан тереңіндей дәстүрлі мәдениет өлшемдеріне сүйене отырып көрсетеді. Абай үстанған талап пен талғам өлшемдеріне қарағанда, бойдың салғырттығын жеңіп, ой қуып, ақылға еру ердің ісі болганда, ез қашанда ездігін жасап, еріншек тартпақ, ортасынан шыға алмай, қыр аспас қалпында көпке көніп қала бермек.

Ер мен ез, олардың бір-бірінеп айырмашылығы хақындағы осы ойлар біртіндсп жақсы мен жаман, олардың бір-бірінен өзгешеліктері туралы тұтасқан ұғымдар жүйесіне жалғасады. Ақын танымы аясында да, халықтың дәстүрлі мәдениеті тұрғысынаи да жаман мен надан екі түрлі ұғым, екі басқа категория емес, бір ғана нәрсс. Жаманның жамандығг да білімсіздіктен, ақылдың кемдігінен. Білімсіз надан білімді адам айтқан ақылды құлағына ілмек смес, ақ пен адалды, шынды танымай, жоққа иланып, жалғанға сенбек. Көпті көрген, ақылы асқан ақсақалдын, білімдінің сөзінен сырдаң тартып, қылған ұрлығын, қуған кулығын мақтан етуден арыға бара алмайтын да сол. Сонымен қатар оның кісіге сыртымен күліп, ішінде жаулық сақтайтын, жақынын тіріде андып, өлсе өкіретін қасиеті де бар. Жамандығына, надандығына қарамастан, мұндай пенделер мақтан үшін болыс болмақшы, адамдық пен арамдықты бір-бірінен айыра алмаса да, ел билеп, жұрт меңгермекші. Осынын бәрі Абай заманындағы білімсіз наданның, ақылсыз жаманның бейнесін, оның жан шындығын терең әрі жан-жақты танытады. Бұдан данамыз бүгінгі заман адамын әулиелік көрегендікпсн жазып ескертіп кеткен сиякты сезінесің.

Заманға өзін илеттірмей, ойын билеттірмей, заманның ауанына қарай гөнкерілмей, заманды өзі алға сүйреп жетелейтін жетелілер, зиялылар қазағымнын қалың ортасында да дүнисге келсе екен! деп армандағандай сезіледі Абай дауысынан.

Арлы, иманды, білімдар, еңбекдос, ақиқатшыл, әділ, көпшіл, жақсылықты жанқиярлықпен жақтаушы, жамандық атаулыға жұлдызы кас, халык қамын ойлап, кайратын жалындатқан, ақыл-парасатын көрегендікке бағыттаған азамат!

Абайдың адамзатпен қатар жасар асыл поэзиясындағы ұлы ақын аңсаған *улгілі азамат* бейнесі осындай сипатта.

Бүгін әр ұлымыз бен қызымыз Абай ансағандай азамат атанса, халқымыз адамзат көшінде әркез ардақты орында болары хақ. Өйткені, ол қазақ әдебиетінің алыбы. Абай Құнанбаевтың үш рухани бұлақган нәр алғаны белгілі. Бірінші - қазақтың бай әдсбиеті, оның асыл үлгілсрі болса, екінші - Физули, Фирдауси, Низами, Сағди, Қожа Хафиз сияқты шығыс ақындарының шығармалары еді,

үшінші – Пушкин, Лермонтов, Толстой, Крылов сскілді орыстың, Гёте, Байрон, Шекспир, Шиллер тәрізді батыс жазушыларының әдеби мұраларынан үлгі-өнеге алды.

Абай қазақ, шығыс әдебиетінің асыл үлгілерін әжесі Зередсн, халық акындары Шөже, Байкөкше, Балталардан естіп, жадында сақтап өссе, шешендік сөздерін әкссі Құнанбайдың, атасы Өскенбайдың, бабасы Кеңгірбайдың өсиет, үлгі сөздерінен үйреніп, ер жетті. Ақындардың терме-толғаулары мен қисса-дастандары, билердіц шешеңдік өнсрі қазақ ауыз әдебиетініц бүге-шігесіне дейін жетік білуіне септігін тигізді.

Шығыс әдебететін өз бетінше еркін оқып меңгерген жас ақын осы елдердің салт-дәстүрін, тіршілік-тынысын, ерлік ісін өз шығармасына арқау етті. «Мың бір түн» оқиғасының бір тарауы - Әзім әңгімесінен дастан жазды. Ертедегі грек патшасы Ескендірдің шапкыншылық іс-әрекетін әшкерелейтін де дастан тудырды. Жауыздыққа әділдікті қарсы қойып, Сократ, Аристотель, Гомер сиякты ертедегі ойшыл оқымысты ғалымдар пікірлеріне талдау жасады.

Абай өлеңі – күн сайыи күрделеніп, жыл түгендеп, жасанып, ғұмыр бүтіндеп жаңара түсті. Абай – қоғам мен адамның рухани бапкері – ақыл мен ойдың әлем деңгейіндегі бағбаны. Абай - тәуелсіздігін жана алып жонданған тұтас бір халықтың мыңмен жалғыз алыскан алыбы.

Абай заманды, «қалын елі қазағын» білім нұрымен ағарту жолымсн түзетуді мақсат стті.

Өмір сүруге ынта еткен адам кандай нәрсенің керектігін өзі-ақ анықтай алады. Тек адамға өмір сүруге еркіндік берілуі керек. Еркін адам өмір сүру қажеттілігін өзі сезбек», – дейді Абай.

Әр адамның бойында періште де, шайтан да бар. Өмірде періште - жан емес, шайтан – адам болмақ емес. Адам болғаннан кейін оның табиғатында періште де, шайтан да бар. Мәселе қайсысының билік құруында.

Адамға керек істі періште де ұсынады, шайтан да ұсынады. Адам қайсысын қабыш алмақ, мәселенін қиындығы сонда.

Алла пендесіне ерік берген. Оны калай өрбіту қажеттілігін адамның өзі шешкен. Осы жолда адамдар әманда адасқандықтан Алла өз нәбилерін жіберіп отырған. Соңғы нәби - біздін Пайғамбарымыз Мұхаммсд. Абайдың пайғамбар – хақ деп отырғаны – осы Мұхаммед- нәби.

Адамның өзі – әдем құпиясы, оның өзі - шебердің қолынан шыққан рухани зат. Нағыз шебер Алла болса, адам – осы шеберліктің сапалық өлшемін көрсете білетін қасиетті тұлға дейді. Ендеше, адамды тану үлгісін Абайдан іздеуіміз занды. Себебі адам табиғатының қыр-сыры мол. Адам өзінің бойындағы қасиетін қалай, қандай жағдайда, неге байланысты қолданады оның болмысы сонысымен анықталмақ.

Тіпті, түрлі себептен заманындағы шежірешілердің, саяхатшылардың назарына түспей қалған окиғалар мен адамдар жайында халыктың өз «естелігі» сақталып отыратынында да заңдылық бар. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханнын ескі жолы, даналардың данасы Әз Тәукенін «Жеті жарғысы» қандай қасиетті болса, Абай мұрасы да сондай.

Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс альш тұр, деген данамыз Мұхтар. Өйткені Абай шығармаларында халқымызды рухтандыру, оның сана-сезімін оятып, күш-жігер беру, шынайы ұлттық тұлға қалыптастыру мақсаты көзделеді.